КЕЛІСІЛДІ
«Абай ауданының білім бөлімі»
ММ басшысы
_______________ Б.Көпешова
«_01_»_____09________2022ж.

БЕКІТЕМІН
Абай Құнанбаев атындағы №5
мектеп-гимназиясы директоры
_______________ Т.Саттаров
_____________________2022ж.

# Абай Құнанбаев атындағы №5 мектеп-гимназиясының 2022-2023 оқу жылына арналған ОҚУ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Тексерілді
Шоқерова С.Ю

Абай ауданы

**Абай Құнанбаев атындағы №5 мектеп-гимназиясының 2022-2023 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспарына түсінік хат**

Абай Құнанбаев атындағы №5 мектеп-гимназиясының 2022-2023 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарланған, функционалдық сауаттылық дағдылары бар және оны қоршаған болмыста бәсекеге қабілетті бола алатын білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы білім беру ортасын құруға негізделген. Мектеп-гимназияда оқушының интеллектуалдық, тұлғалық үйлесімді қалыптасуын, функционалдық және оқу сауаттылығын дамыту негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Абай Құнанбаев атындағы №5 мектеп-гимназиясының 2022-2023 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары 2022 жылдың 31 тамызында өткен №1 педагогикалық кеңес шешімімен ұсынылып, мектеп-гимназия директорының 2022 жылғы 31 тамыздағы №76 бұйрығымен бекітілді.

**2022-2023 оқу жылында білім беру процесінің нормативтік-құқықтық қамтамасыз етілуі:**

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

– «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы);

– «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы);

– «Білімді ұлт» «Сапалы білім» Ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қаулысы; – «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы);

– «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы);

– «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (ҚР БҒМ 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы);

– «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы);

– «Арнайы білім беру ұйымдары түрлерінің қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 бұйрығы);

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру

бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы);

– «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығы);

– «Мамандандырылған білім беру ұйымдарының желісін және дарынды балалармен жұмыс жөніндегі оқу-әдістемелік Кеңес туралы ережені бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2015 жылғы 1 шілдедегі № 428 бұйрығы);

– «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы);

– «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы);

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар ҚР БҒМ 2020 жылғы 2 сәуірдегі №125 бұйрығымен енгізілген);

– «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы;

– «Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы);

– «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығы);

– «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы);

– «Орта білім беру ұйымдарындағы сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 18 бұйрығы);

– «Жеңімпаздар, жүлдегерлер және оларды дайындаған педагогтер бюджет қаражаты есебінен біржолғы сыйақымен марапатталатын жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың тізбесін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 333 бұйрығы);

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін

ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР БҒМ 2020 жылғы 2 сәуірдегі №125 бұйрығы;

- «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық тасымалдау құралдары тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2021 жылғы 10 маусымдағы №286

- «Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығы;

Оқу жұмыс жоспарын құруда жалпыұлттық қоғамдық сананы жаңғырту идеялары мектеп мазмұнына академиялық пәндер, зерттеушілік және сабақтан тыс іс-әрекет, қосымша білім, элективті курстар арқылы енеді.

Оқу жұмыс жоспарының инварианттық бөлім пәндері стандартталады, бағаланады, оларды барлық оқушылардың оқып-үйренуі міндетті болып табылады. Инварианттық бөлімдегі шетел тілі пәніне 2-11 сынып білім алушыларына «ағылшын тілі» пәні оқытылады. Вариативтік компонент білім берудің мектепке тән және білім алудың оқушыларға тән мазмұндық сипаттарынан туындайды. Оқу жұмыс жоспарының мұндай құрылымы мемлекеттің, мектептің, оқушылардың мүдделерін қамтамасыз етеді.

Мектептік және оқушы, гимназиялық компонентіндегі сағаттар саны әдістемелік кеңесте қаралып, педагогикалық кеңес шешімімен бекітілген.

Мектеп-гимназия жағдайында білім беру ерекшелігіне бағытталған оқу жұмыс жоспары әрбір оқушыға мынадай мүмкіндіктердің жасалуын көздейді:

- Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсене қатысуға дайын, құзыретті тұлғаның қалыптасуына ықпал ету;

- түрлі өмірлік жағдаяттарға өз бетімен шешім қабылдау және әрекет жасау, өз тұжырымдарын дәйектеу және айналадағыларымен өзара қарым-қатынас орнату;

- қазақтың және әлемдік мәдени мұралардың негіздерін білу, өзінің бірегей мәдениеттілігін қалыптастыру;

- тұлғааралық қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастар білімін қолдану;

- Қазақстан Республикасы азаматының құқықтары мен міндеттерін білу және сақтау, мәдени және шығармашылық істерге қатысу.

Денсаулығына байланысты балаларды үйде жеке оқытуды ұйымдастыруда білім беру бағдарламаларын игерту жалпыға міндетті білім беру стандартының аясында жүргізіледі. «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына 4-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 4-қосымшаға сәйкес мектеп-гимназияда үйде оқытылатын оқушыға (1 А сынып) оқу жұмыс жоспары жасалған.

Жалпы, «Жаһандық құзыреттіліктерді» оқыту шеңберінде орта білім беретін 5-11 сыныптарда білім алушылар жаһандық оқиғаларды, олардың

себептері мен салдарын, әртүрлі үдерістер мен құбылыстарды талдап бағалау, оларды басқа адамдардың ұлттық-мәдени құндылықтарымен дұрыс байланыстыру, жеке және топтық жұмыс, тәлімгер мұғалімнің қолдауымен өз бетінше оқу үдерісін басқару, оқу үдерісіне қатысты маңызды мәселелерді қарастыру дағдыларын игереді, жеке, аймақтық / ұлттық және жаһандық көзқарастар, олардың өзара байланысын түсіну, қолжетімді ақпаратты сын тұрғысынан бағалау, өз ұстанымын талқылау және дәлелдеу, сыртқы әлеммен белсенді өзара іс-қимыл жасау, жеке өсуін, өз елінің дамуының перспективаларын және оның жетістіктеріне өзіндік тигізген септігін көру.

«Жаһандық құзыреттілік» курсының үлгілік оқу бағдарламасының оқу жүктемесінің көлемі мыналарды құрайды:

- 5-8 – сыныптарда - 0,5 сағат (екі аптада бір рет), оқу жылында 18 сағат
- 9 – сыныпта-аптасына 1 сағат, оқу жылында 36 сағат
- 10-11 сыныптарда – аптасына 1 сағат, оқу жылында 36 сағат.
- 0, 5 сағат жүктемесі бар курс екі аптада 1 рет өткізіледі.

5-8 сыныптарда курс бес бірлікті қамтиды: «Парасаттылық және этика», «Азаматтық және патриотизм», «Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық», «Тіршілік қауіпсіздігі», «Экологиялық мәдениет», 9-сыныпта «Зайырлылық және дінтану» юниті қосымша енгізілді. Әр сынып үшін сағат саны мен күтілетін нәтижелерді көрсететін әр түрлі бірліктер ұсынылады. Ұсынылған курс тақырыбы 5-9 сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып жасалған.

Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-сыныбына арналған «Жаһандық құзыреттілік» жалпылама курсы.

Курстың мақсаты: білім алушыларда жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсінуді және бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыру. Оқу курсы мазмұнының бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып әзірленген бес бөлімнен тұрады.

11 сыныпқа арналған «Жаһандық құзыреттілік» курсына «Бизнес және кәсіпкерлік негіздері» және «Қаржылық сауаттылық» екі юнит жатады.

10-11сыныптарда «Жаһандық құзыреттілік» курсының мазмұны білім алушыларға пән саласына қатысты дағдыларды (hard skills), әлеуметтендіру дағдыларын (soft skills), өздігінен білім алу және үздіксіз білім алу дағдыларын (self skills) қалыптастырудың жүйелі үдерісін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасау мақсатында барлық сыныптарда оқу жұмыс жоспарындағы «Дене шынықтыру» пәнінің үш сағатының бір сағаты «Дойбы», «Тоғызқұмалақ», «Үстел теннисі» ойындары ұйымдастырылады.

Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 375 бұйрығына сәйкес гимназия сыныптарына білім алушылардың таңдауы бойынша факультативтерге және қосымша курстар

ұйымдастыруға әр сыныпқа 4 сағат көлемінде шығармашылық-практикалық сабақтар, ғылыми жобалар ұйымдастыру үшін сағаттар бөлінеді. Гимназиялық сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті, математика, физика бейіндері бойынша білім мазмұны тереңдетілген.

Жаһандану жағдайында үштілді білім беруді дамытудың моделін енгізудің өзектілігін арттыру мақсатында 7 А сыныпта инвариантты компонент есебінен информатика пәні үштілде жүргізіледі. 01.02.2022 жылғы №32 бұйрығымен ағылшын тілін ішінара енгізу іске асырылады.

**Бастауыш білім беру**

Жалпы білім беретін мектептерінде бастауыш білім беруді ұйымдастыру «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 2-қосымшаға сәйкес «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (бұдан әрі – Стандарт) бойынша жүзеге асырылады. Бастауыш білім берудің мақсаты мынадай кең ауқымды дағдылар негіздерін меңгерген білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін жасау болып табылады: 1) білімді функционалдықпен және шығармашылықпен қолдана білу; 2) сын тұрғысынан ойлау; 3) зерттеу жұмыстарын жүргізе білу; 4) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана білу; 5) коммуникацияның түрлі тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды меңгеру; 6) топпен және жеке жұмыс істеу дағдылары. Бастауыш білім беруді ұйымдастыру Стандартта айқындалған мақсат пен ондағы күтілетін нәтижеге бағдарлануы тиіс.

2022-2023 оқу жылында осы Стандартқа мынадай өзгерістер енгізілді: 1) «Адам және қоғам» білім беру саласының мазмұны «Дүниетану» оқу пәнінде іске асырылады», оқу жүктемесі аптасына 1 сағат. 2) «Көркем еңбек» пәні «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндеріне бөлініп, тек 1-сыныптар үшін дербес оқу пәндері болып айқындалды. «Технология және өнер» білім беру саласының мазмұны «Музыка», «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» оқу пәндерінде іске асырылады», - деген өзгеріс енгізілді. ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №595 бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңестің шешімімен осы Оқу жоспарларының бірін таңдау арқылы оқу процесін ұйымдастыру жүзеге асырылады.

«Цифрлық сауаттылық» оқу пәні 1 - сыныпта 2023 жылдың 1 қаңтарынан енгізіледі.

"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсын міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде 10 сағат көлемінде бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады.

"Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұнын 6 сағат көлемінде сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілерінің жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімі көрсетіле отырып іске асырылады.

Бастауыш білім берудің негізгі мәні – білім алушының даралығын ашу және оқу әрекетін игерту. Бастауыш сатыдағы гимназияға дайындық

сыныптарындағы вариативті оқу бағдарламалары: оқушылардың рухани дүниесін байыта отырып, оларға азаматтық, адамгершілік, елжандылық мақсатын көздеген ұлттық дүниетаным мен экология және денсаулық үйірмесі енгізілді.

Гимназиялық компонент: «Математика және логика», «Жас зерттеуші», «Мәнерлеп оқу», «Туған өлке» курсы.

Білім беру үдерісінің біртұтас бөлігі ретінде сабақтан және мектептен тыс шаралардың әртүрлі формалары мен түрлерін ұйымдастыру бойынша ата-аналар мен педагог ұжымының бірлескен әрекеттері, білім алушылардың танымдық қызығушылықтарын қанағаттандыра отырып, олардың өмірлік шығармашылық дағдыларды бойына сіңірген тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді.

**Негізгі білім беру**

Жалпыға міндетті білім беру стандартындағы оқу пәніне байланысты енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы 100 № 348 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында «Қазақ тілі» (10-11 сыныптар) міндетті оқу пәні ретінде оқытылады. 2. Үлгілік оқу жоспарындағы оқу пәніне байланысты енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Республиканың жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу процесі ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Үлгілік оқу жоспарлары арқылы (өзгерістер мен толықтырулар өзгерістер мен толықтырулар 2022 жылғы 26 қаңтардағы № 25 бұйрықпен бекітілген) жүзеге асырылады.

Негізгі орта білім берудің негізгі міндеті – игерген білім, білік, дағдылар мен әрекеттердің базалық тәсілдеріне негізделген базалық мәдени деңгей мен дүниетанымын қалыптастыру.

2022-2023 оқу жылында қоғамдық танымды жаңғыртуды жүзеге асыру аясында мектеп бағдарламасына жалпы білім беретін «Қазақстан тарихы», «Қазақ әдебиеті», «География», «Музыка» жалпы білім беретін оқу пәндерін толықтыратын және туған өлкенің тарихын, табиғатын, мәдениетін зерттеуге ықпал ететін кіріктірілген «Өлкетану» оқу бағдарламасы жалғастырылады. Барлығы – 20 сағатты құрайды.

Негізгі білім беру деңгейінде білім алушылардың бағдаралды даярлық негіздері құрылып, жаратылыстану-ғылыми және гуманитарлық дүниетанымы қалыптастырылады, білім алушылардың қоғамдық ортаға әлеуметтік-психологиялық бейімделуі, бейінді оқу бағыттарын таңдауы бойынша тұлғалық мүмкіндіктерін қалыптастыру жүзеге асырылады. Вариативті оқу бағдарламалары білім алушылардың тұлғалық сапалар кешенін дамытуға, білім беруден күтілетін нәтижелер ретінде негізгі құзіреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған.

Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы сыныптарға оқытылатын Абайтану курсы қазақ сөз өнеріндегі Абайдың орны мен ақындық болмысын таныту арқылы Абайтанудың қазіргі уақыттағы өзектілігін, рухани қажеттілігін түйсіндіреді. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы таңдаулы физикаға қосымша, математикадан арнаулы курстары білім алушылардың математикалық білімдерін одан әрі тереңдетіп, қабілеттерін дамытып, пәнге деген ынтасын арттыру нәтижесінде кәсіптік бағдар беруге септігін тигізеді.

Баланың зерттеу дағдыларын, танымдық қызығушылығын қалыптастыруға негізделген физика негіздері, тіл шеберлігі, математикадан арнаулы курс, ғылыми зерттеушілік жұмысқа кіріспе курстары және қоршаған ортаны зерттеу дағдыларын дамыту арқылы жас адамның экологиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған ғажайып макроәлем курсы гимназиялық компонентте қарастырылған.

Оқушыларға эстетикалық тәрбие беру, олардың мәдени білім деңгейін көтеру мақсатында музыка әлемі, өздігінен әрекет ете білу, шығармашылық қабілеттері мен табиғи дарындылығын дамытуға ұмтылатын оқушыларға арналған театр сабақтары ұйымдастырылған.

**Жалпы орта білім беру**

Жоғары сыныптарда стандартты және тереңдетілген деңгейдегі пәндерді таңдау арқылы бейінді білім алушылардың өздері анықтайды.

Елбасының 13.01.2006ж. ҚР Қауіпсіздік Кеңесі мәжілісінде берген тапсырмасын орындауға байланысты, ҚР Білім және ғылым министрінің 24.06.2009ж. №3013 бұйырығына сәйкес жоғары сыныптарда көлік құралдарының жүргізушілерін даярлау курсы ұйымдастырылады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 4-қосымшасының 23-тармағының 8-тармақшасына, 38, 44-тармақтарына сәйкес 10-11сыныптарда «Дене шынықтыру» білім беру саласы «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнімен ұсынылған.

«Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері» оқу курсының мазмұны 10 сыныпта «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының шеңберінде бастапқы әскери және технологиялық даярлық педагог-ұйымдастырушылары 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен іске асырылады. Тіршілік қауіпсіздігі негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу уақытында өткізіледі.

Мектеп-гимназияның қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы сыныптың қолданбалы курстары: Абайтану, туризм географиясы, жаратылыстану-математикалық бағытындағы сыныптың қолданбалы курстары: Абайтану, биологиялық белсенді қоспалар.

Гимназиялық компонентке 11 сыныптарда көлік құралын жүргізушілер курсы, Алаш идеясы және Алаш қозғалысы, химиялық эксперименттік есептерді шешу, құндылықтар психологиясы, 3D модельдеу, математикадан арнаулы курстары енгізілді.

Бейіндік сыныптардың гимназиялық компонент мазмұны білім беру циклінің барлығының үзіліссіздігін қамтамасыз етеді. Курстар мазмұны оқушылардың жеке икемділіктері мен таңдауына сәйкес оқушылардың танымдық қызығушылықтарын қанағатандыруға мүмкіндік береді. Пәндер бойынша білімдерін кеңейтеді және тереңдетілуіне септігін тигізеді. Оқушы дамуының маңызды құралы болып табылатын іскерлік, рөлдік, имитациялық, кешенді ойындар, тренингтер және жобалау әрекеті курстарды ұйымдастырудың негізі болып табылады.

**Директор** Т.Саттаров

Абай Құнанбаев атындағы №5 мектеп-гимназиясы
Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған
бастауыш білім берудің оқу жұмыс жоспары
2022-2023 оқу жылы
1а, 1ә, 1б, 2а, 2ә, 2б, 3а, 3ә, 3б, 4а, 4ә, 4б сыныптары

| № | Білім салалары және оқу пәндері | Сыныптар бойынша апталық сағат саны | | | | Жалпы жүктеме, сағат | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1 | 2 | 3 | 4 | апталық | жылдық |
| Инварианттық компонент | | | | | | | |
| | Тіл және әдебиет | 6 | 11 | 11 | 11 | 39 | 1398 |
| 1 | Әліппе, Ана тілі | 6 | - | - | - | 6 | 210 |
| 2 | Қазақ тілі | - | 4 | 4 | 4 | 12 | 432 |
| 3 | Әдебиеттік оқу | - | 3 | 3 | 3 | 9 | 324 |
| 4 | Орыс тілі | | 2 | 2 | 2 | 6 | 216 |
| 5 | Шетел тілі | | 2 | 2 | 2 | 6 | 216 |
| | Математика және информатика | 4,5 | 5 | 6 | 6 | 21,5 | 769,5 |
| 6 | Математика | 4 | 4 | 5 | 5 | 18 | 644 |
| 7 | Цифрлық сауаттылық | 0,5 | 1 | 1 | 1 | 3,5 | 125,5 |
| | Жаратылыстану | 1 | 1 | 2 | 2 | 6 | 215 |
| 8 | Жаратылыстану | 1 | 1 | 2 | 2 | 6 | 215 |
| | Адам және қоғам | 1 | 1 | 1 | 1 | 4 | 143 |
| 9 | Дүниетану | 1 | 1 | 1 | 1 | 4 | 143 |
| | Технология және өнер | 3 | 2 | 2 | 2 | 9 | 321 |
| 10 | Музыка | | 1 | 1 | 1 | 3 | 108 |
| 11 | Көркем еңбек | 1 | 1 | 1 | 1 | 4 | 143 |
| 12 | Еңбекке баулу | 1 | | | | 1 | 35 |
| 13 | Бейнелеу өнері | 1 | | | | 1 | 35 |
| | Дене шынықтыру | 3 | 3 | 3 | 3 | 12 | 429 |
| 14 | Дене шынықтыру | 3 | 3 | 3 | 3 | 12 | 429 |
| Инварианттық оқу жүктемесі | | 18,5 | 23 | 25 | 25 | 91,5 | 3326,5 |
| Вариативтік компонент | | | | | | | |
| Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар | | 1 | 1 | 1 | 1 | 4 | 143 |
| Көркем жазу | | 1 | 1 | 1 | 1 | 4 | 143 |
| Вариативтік оқу жүктемесі | | 1 | 1 | 1 | 1 | 4 | 143 |
| Ең жоғарғы оқу жүктемесі | | 19,5 | 24 | 26 | 26 | 95,5 | 3418,5 |

Абай Құнанбаев атындағы №5 мектеп-гимназиясы
Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға
**арналған негізгі орта білім берудің оқу жұмыс жоспары**
2022-2023 оқу жылы
5а, 5ә, 5б, 6а, 6ә, 6б, 7а, 7ә, 7б, 8а, 8ә, 8б, 9а, 9ә, 9б сыныптары

| № | Білім салалары және оқу пәндері | Сыныптар бойынша апталық сағат саны | | | | | Жалпы жүктеме, сағат | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | апталық | жылдық |
| Инварианттық компонент | | | | | | | | |
| | Тіл және әдебиет | 11 | 11 | 11 | 11 | 11 | 55 | 1980 |
| 1 | Қазақ тілі | 3 | 3 | 3 | 2 | 2 | 13 | 468 |
| 2 | Қазақ әдебиеті | 2 | 2 | 2 | 3 | 3 | 12 | 432 |
| 3 | Орыс тілі мен әдебиеті | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 15 | 540 |
| 4 | Шетел тілі | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 15 | 540 |
| | Математика және информатика | 6 | 6 | 6 | 6 | 6 | 30 | 1080 |
| 5 | Математика | 5 | 5 | - | - | - | 10 | 360 |
| 6 | Алгебра | - | - | 3 | 3 | 3 | 9 | 324 |
| 7 | Геометрия | - | - | 2 | 2 | 2 | 6 | 216 |
| 8 | Информатика | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 5 | 180 |
| | Жаратылыстану | 2 | 2 | 7 | 8 | 8 | 27 | 972 |
| 9 | Жаратылыстану | 2 | 2 | - | - | - | 4 | 144 |
| 10 | Физика | - | - | 2 | 2 | 2 | 6 | 216 |
| 11 | Химия | - | - | 1 | 2 | 2 | 5 | 180 |
| 12 | Биология | - | - | 2 | 2 | 2 | 6 | 216 |
| 13 | География | - | - | 2 | 2 | 2 | 6 | 216 |
| | Адам және қоғам | 3 | 3 | 3 | 3 | 4 | 16 | 576 |
| 14 | Қазақстан тарихы | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 10 | 360 |
| 15 | Дүниежүзі тарихы | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 5 | 180 |
| 16 | Құқық негіздері | - | - | - | - | 1 | 1 | 36 |
| | Технология және өнер | 3 | 3 | 1 | 1 | 1 | 9 | 324 |
| 18 | Музыка | 1 | 1 | - | - | - | 2 | 72 |
| 19 | Көркем еңбек | 2 | 2 | 1 | 1 | 1 | 7 | 252 |
| | Дене шынықтыру | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 15 | 540 |
| 20 | Дене шынықтыру | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 15 | 540 |
| Инварианттық оқу жүктемесі | | 28 | 28 | 31 | 32 | 33 | 152 | 5472 |
| Вариативтік компонент | | | | | | | | |
| Жаһандық құзыреттілік | | 0,5 | 0,5 | 0,5 | 0,5 | 1 | 3 | 108 |
| Элективті курстар | | - | - | - | - | - | - | |
| Вариативтік оқу жүктемесі | | 0,5 | 0,5 | 0,5 | 0,5 | 1 | 3 | 108 |
| Ең жоғарғы оқу жүктемесі | | 28,5 | 28,5 | 31,5 | 32,5 | 34 | 155 | 5580 |

Абай Құнанбаев атындағы №5 мектеп-гимназиясы

10 А сыныбы

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің 2022-2023 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары

| № | Оқу пәндері | Сыныптар бойынша апталық сағаттар саны | Жалпы жүктеме, сағат | |
|---|---|---|---|---|
| | | 10 | апталық | жылдық |
| Инварианттық компонент | | | | |
| 1 | Қазақ тілі | 1 | 1 | 36 |
| 2 | Қазақ әдебиеті | 2 | 2 | 72 |
| 3 | Орыс тілі мен әдебиеті | 2 | 2 | 72 |
| 4 | Шетел тілі | 3 | 3 | 108 |
| 5 | Алгебра және анализ бастамалары | 4 | 4 | 144 |
| 6 | Геометрия | 2 | 2 | 72 |
| 7 | Информатика | 2 | 2 | 72 |
| 8 | Физика | 2 | 2 | 72 |
| 9 | Химия | 2 | 2 | 72 |
| 10 | Биология | 2 | 2 | 72 |
| 11 | География | 2 | 2 | 72 |
| 12 | Қазақстан тарихы | 2 | 2 | 72 |
| 13 | Дүниежүзі тарихы | 1 | 1 | 36 |
| 14 | Құқық негіздері | 1 | 1 | 36 |
| 15 | Дене шынықтыру | 3 | 3 | 108 |
| 16 | Алғашқы әскери және технологиялық дайындық | 1 | 1 | 36 |
| Инварианттық оқу жүктемесі | | 32 | 32 | 1152 |
| Вариативтік компонент | | | | |
| Жаһандық құзыреттілік | | 1 | 1 | 36 |
| Элективті курстар | | 2 | 2 | 72 |
| Абайтану | | 1 | 1 | 36 |
| Физикадан қиындығы жоғары есептерді шешу әдістері | | 1 | 1 | 36 |
| Вариативтік оқу жүктемесі | | 3 | 3 | 108 |
| Ең жоғарғы оқу жүктемесі | | 35 | 35 | 1260 |

Абай Құнанбаев атындағы №5 мектеп-гимназиясы
11 А сыныбы
Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық
бағыт бойынша жалпы орта білім берудің
2022-2023 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары

| № | Оқу пәндері | Сыныптар бойынша апталық | Жалпы жүктеме | |
|---|---|---|---|---|
| | | 11 | апталық | жылдық |
| Инварианттық компонент | | | | |
| 1 | Қазақ тілі | 2 | 2 | 72 |
| 2 | Қазақ әдебиеті | 3 | 3 | 108 |
| 3 | Орыс тілі мен әдебиеті | 2 | 2 | 72 |
| 4 | Шетел тілі | 3 | 3 | 108 |
| 5 | Алгебра және анализ бастамалары | 3 | 3 | 108 |
| 6 | Геометрия | 1 | 1 | 36 |
| 7 | Информатика | 1 | 1 | 36 |
| 8 | Физика | 2 | 2 | 72 |
| 9 | Химия | 2 | 2 | 72 |
| 10 | Биология | 2 | 2 | 72 |
| 11 | География | 1 | 1 | 36 |
| 12 | Қазақстан тарихы | 2 | 2 | 72 |
| 13 | Дүниежүзі тарихы | 2 | 2 | 72 |
| 14 | Құқық негіздері | 1 | 1 | 36 |
| 15 | Дене шынықтыру | 3 | 3 | 108 |
| 16 | Алғашқы әскери және технологиялық дайындық | 1 | 1 | 36 |
| Инварианттық оқу жүктемесі | | 31 | 31 | 1116 |
| Вариативтік компонент | | | | |
| Жаһандық құзыреттілік | | 1 | 1 | 36 |
| Элективті курстар | | 2 | 2 | 72 |
| Абайтану | | 1 | 1 | 36 |
| Туризм географиясы | | 1 | 1 | 36 |
| Вариативтік оқу жүктемесі | | 3 | 3 | 108 |
| Ең жоғары оқу жүктемесі | | 34 | 34 | 1224 |

Абай Құнанбаев атындағы №5 мектеп-гимназиясы

11 Ә сыныбы

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің 2022-2023 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары

| № | Оқу пәндері | Сыныптар бойынша апталық сағаттар саны | Жалпы жүктеме, сағат | |
|---|---|---|---|---|
| | | 11 | апталық | жылдық |
| Инварианттық компонент | | | | |
| 1 | Қазақ тілі | 1 | 1 | 36 |
| 2 | Қазақ әдебиеті | 2 | 2 | 72 |
| 3 | Орыс тілі мен әдебиеті | 2 | 2 | 72 |
| 4 | Шетел тілі | 3 | 3 | 108 |
| 5 | Алгебра және анализ бастамалары | 4 | 4 | 144 |
| 6 | Геометрия | 2 | 2 | 72 |
| 7 | Информатика | 2 | 2 | 72 |
| 8 | Физика | 2 | 2 | 72 |
| 9 | Химия | 2 | 2 | 72 |
| 10 | Биология | 2 | 2 | 72 |
| 11 | География | 2 | 2 | 72 |
| 12 | Қазақстан тарихы | 2 | 2 | 72 |
| 13 | Дүниежүзі тарихы | 1 | 1 | 36 |
| 14 | Құқық негіздері | 1 | 1 | 36 |
| 15 | Дене шынықтыру | 3 | 3 | 108 |
| 16 | Алғашқы әскери және технологиялық дайындық | 1 | 1 | 36 |
| Инварианттық оқу жүктемесі | | 32 | 32 | 1152 |
| Вариативтік компонент | | | | |
| Жаһандық құзыреттілік | | 1 | 1 | 36 |
| Элективті курстар | | 2 | 2 | 72 |
| Абайтану | | 1 | 1 | 36 |
| Биологиялық белсенді қоспалар | | 1 | 1 | 36 |
| Вариативтік оқу жүктемесі | | 3 | 3 | 108 |
| Ең жоғарғы оқу жүктемесі | | 35 | 35 | 1260 |

Абай Құнанбаев атындағы №5 мектеп-гимназиясының
2022-2023 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспарына қосымша

**гимназиялық компонент**

**3а, 3ә, 4а, 4ә сыныптары**

| № | Таңдау курстары | сыныптар және сағат | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 3а | 3ә | 4а | 4ә |
| 1 | Математика және логика | 1 | | 1 | |
| 2 | Мәнерлеп оқу | 1 | 1 | 1 | 1 |
| 3 | Туған өлке | | 1 | | 1 |
| 4 | Жас зерттеуші | 1 | 1 | 1 | 1 |
| Барлығы | | 3 | 3 | 3 | 3 |

**5а, 5ә, 6а, 6ә, 7а, 7ә, 8а, 8ә, 9а, 9ә сыныптары**

| № | Гимназиялық компонент | сыныптар және сағат саны | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 5а | 5ә | 6а | 6ә | 7а | 7ә | 8а | 8ә | 9а | 9ә |
| 1 | Физика негіздері | | | | | 1 | | 1 | | 1 | |
| 2 | Ғажайып макроәлем | 1 | | 1 | | 1 | | | | | |
| 3 | Ғылыми зерттеушілік жұмысқа кіріспе | 1 | | 1 | | | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 |
| 4 | Құндылықтар теориясы | | 1 | | 1 | | 1 | 1 | | 1 | |
| 5 | Абайтану | | 1 | | 1 | | 1 | | 1 | | 1 |
| 6 | Театр сабақтары | | 1 | | 1 | | | | | | |
| 7 | Математикадан арнаулы курс | 1 | | 1 | | 1 | | | | | |
| 8 | Шахмат | 1 | | 1 | | 1 | | 1 | | 1 | |
| 9 | Дебат | | 1 | | 1 | | 1 | | 1 | | 1 |
| 10 | Домбыра | | | | | | | | 1 | | 1 |
| Барлығы | | 4 | 4 | 4 | 4 | 4 | 4 | 4 | 4 | 4 | 4 |

**10а, 10ә, 11а, 11ә сыныптары**

| № | Гимназиялық компонент | сыныптар және сағат саны | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 10а | 11а | 11ә |
| 1 | Көлік құралын жүргізушілер курсы | 1 | 1 | 1 |
| 2 | Алаш идеясы және Алаш қозғалысы | | 1 | |
| 3 | 3D модельдеу | | 1 | 1 |
| 4 | Химиялық эксперименттік есептерді шешу | 1 | | 1 |
| 5 | Құндылықтар психологиясы | 1 | | |
| 6 | Математикадан арнаулы курс | 1 | 1 | 1 |
| Барлығы | | 4 | 4 | 4 |

Абай Құнанбаев атындағы №5 мектеп-гимназиясының
2022-2023 оқу жылында үйде
жеке тегін оқытатын орташа ақыл-ой кемістігі бар
оқушыға арналған оқу жұмыс жоспары
1 сынып

| № | Білім салалары және оқу пәндері | Сыныптар бойынша апталық сағат саны |
|---|---|---|
| Инварианттық компонент | | |
| | Тіл | 1,5 |
| | Сөйлеу және коммуникацияны дамыту | 1,5 |
| | Математика | 1,5 |
| | Санау | 1,5 |
| | Жаратылыстану | 1 |
| | Айналадағы әлем | 1 |
| | Өмірлік дағдылар және өнер | 2 |
| | Бейнелеу өнері | 0,5 |
| | Заттық-практикалық әрекет | 1,5 |
| Инварианттық оқу жүктемесі | | |
| | Түзету компоненті | |
| | Сенсорлы дамыту | 2 |
| | Ең жоғарғы оқу жүктемесі | 8 |
| Білім алушының жеке мүмкіндіктері мен мұқтаждығына қарай сағаттардың орындарын ауыстыруға және дәрігердің келісуімен мектепте өткізілетін сабақтарға қатысуға болады. | | |